

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 шілдедегі № 157 "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 10 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 ақпандағы № 26819 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" 2016 жылғы 5 шілдедегі № 157 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3853 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакция жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тимирязев ауданы әкімінің міндетін атқарушы

Ж. Макенова

"КЕЛІСІЛДІ"

**"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары басқармасы"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 19 қаңтардағы
№ 10 қаулысына
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 5 шілдедегі
№ 157 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының тізбесі

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзақтығы, шақырым
1	КТТМ-315	Дмитриевка ауылына кірер жол	1
2	КТТМ-316	Степное ауылына кірер жол	1
3	КТТМ-317	Дружба ауылына кірер жол	7
4	КТТМ-318	Ақжан ауылына кірер жол	1
5	КТТМ-319	Сулы элеваторына кірер жол	3
6	КТТМ-320	Москворецкий ауылына кірер жол	5
7	КТТМ-321	Ленинский ауылына кірер жол	18
8	КТТМ-322	Дзержинский ауылына кірер жол	7
9	КТТМ-323	Белоградовка нан кабылдау пунктiне кірер жол	2
10	КТ-53	Октябрьский-Ишимский- Ақсуат	24
11	КТТМ-324	Хмельницкий ауылына кірер жол	10
12	КТТМ-325	Целинный ауылына кірер жол	3
13	КТТМ-327	Сулы элеваторына кірер жол	1
14	КТТМ-328	Комсомольский ауылына кірер жол	2
15	КТ-55	Дмитриевка-Жарқын	20
16	КТТМ-329	Степное-Ракитное	4
17	КТТМ-330	Докучаев-Северный	12
18	КТТМ-331	Рассвет ауылына кірер жол	2
19	КТТМ-332	Приозерный ауылына кірер жол	2
20	КТ-54	Тимирязев-Целинный-До кучаев-Тимирязев	103
21	КТТМ-334	Дмитриевка-Дружба	8
Барлығы			236

